



Мазмұны

1. Жалпы ережелер	1
2.Сақтандыру объектісі	2
3. Сақтандыру жағдайлары	2
4.Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу	4
5. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі	6
6. Сақтандыру сыйлықақысы. Франшиза	7
7.Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	8
8. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	9
9. Қосарланған сақтандыру	9
10.Тараптардың құқықтары мен міндеттері	9
11.Сақтандыру шарты қолданылған кезеңдегі сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары	12
12.Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) әрекеттері	13
13.Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	14
14.Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары	15
15. Сақтанушының залалды өтеуге қатысты құқықтарының Сақтандырушыға өтуі (Суброгация)	20
16.Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	20
17.Қосымша талаптар	22
18. Дауларды шешу тәртібі	24

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы көлік құралдарын ерікті сақтандыру ережелерінің талаптарында (бұдан әрі – Ережелер/Сақтандыру ережелері) «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы (бұдан әрі – Қоғам) деп аталатын, Сақтанушыны Сақтандыру ережелеріне қосу және Сақтандырушының Сақтанушыға Сақтандыру полисін беруі арқылы автомобиль көлігін ерікті сақтандыру Шарттарын жасасады (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты).

1.2. Сақтандыру шарттары жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) жасалады. Аталған тұлғалар бұдан әрі - Сақтанушы деп аталады.

1.3. Осы Сақтандыру ережелері автомобиль көлігін ерікті сақтандыру сыныбы шеңберінде жасалған.

1.4. Ережелерде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) Сақтандырылған тұлға – оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Сақтандыру шартына көрсетілген сақтандырылғандар Сақтандырылған тұлғалар болып табылады.
- 2) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Пайда алушы Сақтанушы болып табылады.
- 3) Франшиза - сақтандыру талаптарында көзделген, залалдың белгілі бір мөлшерінен аспайтын бөлігін өтеуден сақтандырушыны босату. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайда белгіленген сома шегеріліп өтеледі. Франшиза не сақтандыру сомасына пайызбен, не абсолюттік мөлшерде белгіленеді.
- 4) Автомобиль көлігі (көлік құралы, КҚ) - жолдармен жүруге және солар арқылы адамдарды, жүктерді немесе оған орнатылған жабдықты тасымалдауға не жолдармен адамдарды, жүктерді немесе оған орнатылған жабдықты тасымалдауға арналған көлік құралдарын сүйретуге арналған механикалық көлік құралы, оның ішінде троллейбустарды қоса алғанда;
- 5) Жол - жер телімінің бүкіл бөлінген жолағы не көлік құралдарының қозғалысы үшін жайластырылған немесе бейімделген және пайдаланылатын жасанды құрылыстың беті. Жолға бір немесе бірнеше жүру бөліктері, сондай-ақ трамвай жолдары, тротуарлар, жол жиектері және олар болған кезде бөлгіш жолақтар кіреді;
- 6) Бағалаушы - бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар және міндетті түрде бағалаушылар палаталарының бірінің мүшесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;



- 7) Мамандандырылған техникалық қызмет көрсету станциясы (мамандандырылған ТҚС) – Сақтандыру ережелері мәтінінде Сақтандырушы ұсынған және/немесе келіскен сервис орталық деп түсініледі;
- 8) КЖ және ТҚ – қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру.
- 1.5. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сыйлықақысы үшін Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
- 1.6. Сақтандырылған тұлғалар ретінде әрекетке қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар бола алады.
- 1.7. Сақтандыру шартын Сақтандырылған тұлғаның пайдасына жасасу Сақтанушыны осындай Сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.
- 1.8. Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға және/немесе автомобиль көлігін басқаруға жіберілген тұлға, автомобиль көлігін басқарған кезде өзімен бірге мыналарды алып жүруге тиіс:
- көлік құралын басқару құқығына жүргізуші куәлігі не жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлік, Қазақстан Республикасында берілгендерін қоспағанда, жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжат болған кезде;
 - көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, Қазақстан Республикасында берілгендерін қоспағанда, не көлік құралына меншік құқығын куәландыратын құжат.
- 1.9. Сақтанушы, Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы автомобиль көлігін сақтандыру кезінде осы автомобиль көлігін сақтауға мүдделі болуы және көлік құралын:
- 1) меншік құқығында;
 - 2) жедел басқару немесе шаруашылық жүргізу құқығында;
 - 3) сенімгерлік басқару немесе өзге де заңды негізде;
 - 4) сенімхат бойынша;
 - 5) жол қағазы бойынша пайдалануы тиіс.
- 1.10. Сақтанушыда, Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылған тұлғада немесе Пайда алушыда сақтандырылған автомобиль көлігін сақтауға мүдде болмаған кезде жасалған Сақтандыру шарты жарамсыз болып табылады.

2.Сақтандыру объектісі

2.1. Сақтандыру объектісі Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) автомобиль көлігіне иелік етуге, пайдалануға және оған билік етуге, сондай-ақ Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру жағдайларының нәтижесінде оның жоғалу (жойылу) немесе бүліну тәуекеліне байланысты мүлктік мүдделері болып табылады.

2.2. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес автомобиль көлігі деп мыналар түсініледі:

- 1) Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган бөлімшелерінде тіркелген көлік құралдары;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіргізілген (әкелінген) көлік құралдары;
- 3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген, дайындаушы ұйымдардан, жөндеу және сауда ұйымдарынан, кедендік бақылау органдарынан тіркелетін жерге дейін өз жүрісімен жеткізілетін көлік құралдары.

3. Сақтандыру жағдайлары

3.1. Сақтандыру жағдайы – басталу ықтималдығы және кездейсоқтық белгілері бар, басталған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын оқиға.

3.2. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының таңдауы бойынша мынадай тәуекел сақтандырылады:

1-нұсқа. Көліктің (қосымша жабдықтың) мынадай оқиғалардың нәтижесінде жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі:

- жол-көлік оқиғасы (ЖКО): автомобиль көлігінің жолда қозғалысы процесінде және оның қатысуымен туындаған, оның нәтижесінде басқа автомобиль көлігімен соқтығысу, қозғалатын немесе қозғалмайтын заттарды (құрылыстарды, кедергілерді, құстарды, жануарларды және т.б.) басу (соғу), аударылу, су басу, сондай-ақ оған қандай да бір заттың құлауы орын алған оқиға;



- үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері: автомобиль көлігін айдап әкету, қарақшылық, тонау, ұрлау және оларды айдап әкетуге, қарақшылыққа, тонауға, ұрлауға немесе сондай әрекеттер жасауға әрекеттенуге байланысты оларды жою не бүлдіру;
- дүлей зілзалалар: дауыл, шторм, құйын, бұршақ, найзағай түсуі, жер сілкінісі, тау опырылуы, көшкін;
- өзге де күтпеген оқиғалар: өрт, жарылыс, мұз астына түсіп кету, су құбыры, жылу беру немесе кәріз жүйелерінің бүлінуі.

2-нұсқа. Көліктің (қосымша жабдықтың) мынадай оқиғалардың нәтижесінде жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі:

жол-көлік оқиғасы (ЖКО): автомобиль көлігінің жолда қозғалысы процесінде және оның қатысуымен туындаған, оның нәтижесінде басқа автомобиль көлігімен соқтығысу, қозғалатын немесе қозғалмайтын заттарды (құрылыстарды, кедергілерді, құстарды, жануарларды және т.б.) басу (соғу), аударылу, су басу, сондай-ақ оған қандай да бір заттың құлауы орын алған оқиға;

3-нұсқа. Көліктің (қосымша жабдықтың) мынадай оқиғалардың нәтижесінде жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі:

- үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері: автомобиль көлігін айдап әкету, қарақшылық, тонау, ұрлау және оларды айдап әкетуге, қарақшылыққа, тонауға, ұрлауға немесе сондай әрекеттер жасауға әрекеттенуге байланысты оларды жою не бүлдіру;
- дүлей зілзалалар: дауыл, шторм, құйын, бұршақ, найзағай түсуі, жер сілкінісі, тау опырылуы, көшкін;
- өзге де күтпеген оқиғалар: өрт, жарылыс, мұз астына түсіп кету, су құбыры, жылу беру немесе кәріз жүйелерінің бүлінуі.

3.3. Сақтанушының қалауы бойынша қосымша опциялар көзделген:

1. 1-опция: Мамандандырылған ТҚС-да жөндеу - бұл опция тек көлік құралы бүлінген кезде ғана қолданылады және сақтандырылған көлік құралының толық жойылуы жағдайларына қолданылмайды. Мамандандырылған ТҚС-да жөндеу кезінде амортизациялық тозу ескерілмейді және сақтандыру төлемінен шегерілмейді. Сақтандыру тек Сақтандырушы таңдаған мамандандырылған ТҚС-да жөндеуді ғана жабады.
2. 2-опция: Сақтандыру шарты бірінші сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін өз қолданылуын тоқтатады. Осы опцияға сәйкес Сақтандыру шарты бірінші сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін тоқтатылады.
3. 3-опция: Жеңілдік-50%.

3.1) Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтанушы сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алғанға дейін, сақтандырушыға Сақтанушыға тиесілі сақтандыру төлемі сомасынан (Сақтандыру шартында белгіленген франшиза сомасын шегергеннен кейін) Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сыйлықақысы шегіндегі соманы ұстап қалу туралы сақтандырушымен «өзара есепке алу туралы келісімге» қол қоюға міндеттенеді.

3.2) Сақтандырушы «өзара есепке алу туралы келісімге» сәйкес, сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде Сақтандыру шартында көрсетілген соманы сақтанушыға тиесілі сақтандыру төлемі сомасынан шегереді.

3.3) Егер бірінші сақтандыру жағдайы бойынша сақтанушыға тиесілі сақтандыру төлемінің сомасы (Сақтандыру шартында белгіленген франшизаны шегергеннен кейін) Жеңілдікпен Сыйлықақы сомасын толық көлемде ұстап қалу үшін жеткіліксіз болса немесе сақтанушы осы Ережелердің 3.3-тармағының 3) тармақшасының 3.1) абзацына сәйкес «өзара есепке алу туралы келісімге» қол қоюдан бас тартса, сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру төлемін толық көлемде төлеу міндетінен босатылады.

Бұл ретте жетіспейтін сома, яғни Жеңілдікпен Сыйлықақы сомасы мен сақтанушыға бірінші сақтандыру жағдайы бойынша тиесілі сақтандыру төлемі сомасының (Сақтандыру шартында белгіленген франшизаны шегергеннен кейін) арасындағы айырма (бұдан әрі – «сақтанушының Берешек қалдығы») Жеңілдікпен Сыйлықақының жетіспейтін сомасы толық өтелгенге дейін, ондайлар болған жағдайда, Сақтандыру шарты бойынша кейінгі сақтандыру төлемдерінен ұсталып қалады.

3.4) Егер сақтандыру жағдайы нәтижесінде сақтандыру объектісіне келтірілген залал сомасы Сақтандыру шартында белгіленген франшиза сомасынан аспаса, онда осы Ережелердің 3.3-тармағының 3) тармақшасының 3.1) – 3.3) абзацтары қолданылмайды, бұл ретте осы Ережелердің 3.3-тармағының 3) тармақшасының 3.1)- 3.2) абзацтарында сипатталған рәсім Сақтандыру шарты бойынша кейінгі төлемдер кезінде жүзеге асырылады.



3.4. Осы баптың 3.2-тармағында көрсетілмеген оқиғалар сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы олар бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды, оның ішінде дүлей зілзалалар, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері, өзге де күтпеген оқиғалар тізбесі кеңейтілген түсіндіруге жатпайды.

4.Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу

4.1. Автомобиль көлігінің мынадай түрлері сақтандыруға қабылданбайды:

- 1) техникалық ақаулы;
- 2) жинақталмаған - конструкциясында көзделген бір немесе бірнеше кузов бөлшектері (капот, есік, кузов немесе кабина есігінің құлпы, цистерна аузының бекіткіштері, жанармай бағының тығындары) жоқ немесе бір не бірнеше әйнегі, сыртқы жарық беру аспаптары, доңғалақтары, шиналары жоқ көлік құралдары;
- 3) кузовы мен лак-бояу жабынында елеулі коррозиялық немесе механикалық зақымдары бар автомобиль көлігі. Кузовтың елеулі коррозиясы деп металдың түсіп қалуымен жүретін тесіп өтетін коррозия немесе дәнекерленген қосылыстардың коррозиясы түсініледі. Елеулі механикалық зақымдар деп автомобиль көлігі пайдалануға жарамсыз болатын механикалық зақымдар түсініледі;
- 4) кузов нөмірі, қозғалтқыш нөмірі жоқ немесе олар тіркеу құжаттарына сәйкес келмейтін автомобиль көлігі;
- 5) Қазақстан Республикасына кірген кезде кедендік ресімдеу рәсімінен өтпеген автомобиль көлігі;
- 6) сақтандырылған автомобиль көлігінде орналасқан антикварлық және бірегей заттар, бағалы металдардан, жартылай бағалы және сәндік тастардан жасалған бұйымдар, коллекциялар, қолжазбалар, картиналар, діни ғибадат заттары, ақша белгілері, бағалы қағаздар, құжаттар, фотосуреттер, атыс қаруы мен жарылғыш заттар, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаға және оның отбасы мүшелеріне тиесілі емес не сатуға арналған немесе кәсіпкерлік қызметке байланысты заттар;
- 7) антирадарлар, автомагнитолалардың алынбалы панельдері, алынбалы автомагнитолалар, бейне техника, компьютерлер және автомобильге орнатылған басқа да ұқсас жабдық;
- 8) сақтандырылған көлік құралының зауыттық жинағына кірмейтін кез келген мүлік, сыртқы айналар (егер олар қосымша опция бойынша сақтандырылмаған болса).

4.2. Сақтанушы осы ережелерге сәйкес Сақтандыру шартын жасай отырып, автомобильдің:

- 1) техникалық жарамды екенін;
- 2) толық жинақталғанын;
- 3) кузовы мен лак-бояу жабынында елеулі коррозиялық немесе механикалық зақымдары жоқ екенін кепілдейді. Кузовтың елеулі коррозиясы деп металдың түсіп қалуымен жүретін тесіп өтетін коррозия немесе дәнекерленген қосылыстардың коррозиясы түсініледі. Елеулі механикалық зақымдар деп автомобиль көлігі пайдалануға жарамсыз болатын механикалық зақымдар түсініледі;
- 4) кузов нөмірі, қозғалтқыш нөмірі бар екенін, сондай-ақ кузов пен қозғалтқыш нөмірлері тіркеу құжаттарында көрсетілген деректерге сәйкес келетінін;
- 5) Қазақстан Республикасына кірген кезде кедендік ресімдеу рәсімінен өткенін кепілдейді.

4.3. Төменде көрсетілген бір немесе бірнеше факті болған кезде автомобиль көлігінің жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

- 1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің дұшпандық әрекеттері; әскери немесе соларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
- 2) бүлік; ереуіл; локауттар; көлемі жағынан халық көтерілісіне ұласатын азаматтық және/немесе жаппай тәртіпсіздіктер; бүлікшілік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; әскери басып алу немесе билікті басып алу; мүлікті тәркілеу; реквизициялау немесе мемлекет меншігіне алу; террористік әрекеттер, өзге де жауынгерлік, әскери іс-қимылдар;
- 3) радиоактивті сәулелену немесе атом отынын жағудан қалған радиоактивті отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластану;
- 4) Сақтанушының немесе Сақтандырылған тұлғаның, не автомобиль көлігін басқаруға жіберілген өзге тұлғалардың қасақана әрекеттері;
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғалардың немесе басқаруға жіберілген өзге тұлғалардың автомобиль көлігін алкогольдік, уытты немесе есірткілік масаң күйде, немесе автомобиль көлігін басқару кезінде қолдануға болмайтын дәрілік препараттардың әсерімен басқаруы;
- 6) автомобиль көлігін басқаруға тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаның басқаруы немесе оған автомобиль көлігін беруі;



- 7) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) - заңды тұлғаның жүргізушісімен (қызметкерімен) автомобиль көлігінің қызметтен тыс уақытта және тапсырмасыз, жол қағазынсыз пайдаланылуы;
- 8) Сақтандыру шартында Сақтандырылған тұлға ретінде көрсетілмеген тұлғаның автомобиль көлігін басқаруы кезінде;
- 9) автомобиль көлігін сынақтарда, спорттық немесе оқу мақсаттарында пайдалану;
- 10) автомобиль көлігін заңсыз мақсаттарда немесе Сақтандыру шартында көрсетілгендерден өзгеше мақсаттарда пайдалану;
- 11) Сақтандырушымен жазбаша келісімсіз автомобиль көлігін жалға, лизингке немесе прокатқа беру;
- 12) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның немесе басқаруға жіберілген өзге тұлғаның автомобиль көлігін (көлік құралдарын) пайдалану қағидаларын бұзуы, оның ішінде техникалық ақаулы автомобиль көлігін, белгіленген тәртіппен техникалық қарап-тексеруден өтпеген автомобиль көлігін пайдалану, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі қағидаларын, жанғыш және жарылғыш заттар мен бұйымдарды тасымалдау және сақтау қағидаларын, жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын (Жол жүрісі қағидаларына сәйкес) бұзуы, бұл сақтандыру жағдайының себебі болған жағдайда;
- 13) сақтандыру аумағынан тыс немесе сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінен тыс жерде сақтандыру жағдайының басталуы;
- 14) Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген оқиға;
- 15) Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға немесе автомобиль көлігін басқаруға жіберілген тұлға ЖКО орнын автомобиль көлігімен немесе онсыз, ЖКО орнын тастап кетудің мақсаттарына, ниетіне, себептері мен мән-жайларына қарамастан, ол үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған-тартылмағанына қарамастан тастап кеткенде, зардап шегушіге медициналық көмек көрсету қажеттігінен туындаған жағдайларды қоспағанда;
- 16) біртіндеп әсер ететін себептер, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, тозу, тот, коррозия, көгеру, зең, дымқыл немесе құрғақ шіру, біртіндеп нашарлау, жасырын ақаулар, туа біткен кемшіліктер, баяу дамиды деформация немесе бұрмалану, жәндіктердің қалдықтары, кез келген түрдегі паразиттер/микробтардың әсері және кеміргіштер, зауыттық ақау;
- 17) шатырдың немесе люктердің ағуы (егер шатыр немесе люктер болған сақтандыру жағдайының нәтижесінде бүлінбесе) немесе әйнектердің ашық қалдырылуы;
- 18) жобадағы (дизайндағы), ерекшеліктердегі, өндірістегі, материалдардағы қателер мен кемшіліктер;
- 19) тасымалданатын жүкпен көлік құралының бүлінуі;
- 20) сақтандыру жағдайы кезінде немесе тікелей одан кейін автомобиль көлігінің бөліктерінің және/немесе мүліктің ұрлануы немесе талан-таражға түсуі;
- 21) өз бетінше орнатылған электрлік және өзге жабдықтың, оның ішінде электр сымдарының немесе өз бетінше орнатылған қосымша жабдықтың қысқа тұйықталуы салдарынан автомобиль көлігінің ақаулығынан туындаған өрт;
- 22) автомобиль көлігін кез келген көлік түрімен тасымалдау, басқа автокөлік құралдарын тасымалдауға арнайы арналған автокөлікті (автовоз) қоспағанда;
- 23) автомобиль көлігінің қозғалтқышын жылыту үшін ашық от көздерін пайдалану;
- 24) кез келген себеп бойынша, сақтандыру жағдайы кезінде немесе тікелей оның алдында автомобиль көлігінде болған жолаушылардың жалпы саны осы модельдегі автомобиль көлігі үшін белгіленген ең жоғарғы мөлшерден асқанда және/немесе автомобиль көлігін жүктеудің шекті нормалары асып кеткенде;
- 25) сақтандырылған автомобиль көлігінің оның ішінде қалдырылған тіркеу құжаттарымен (көлік құралын тіркеу туралы куәлік және т.б.) және кілттерімен бірге ұрлануы (айдап әкетілуі);
- 26) нотариуспен берілмеген сенімхат негізінде басқару;
- 27) ЖКО кезінде сақтандырылған көлік құралын басқарған Сақтандырылған тұлға сақтандыру жағдайын жол полициясы қызметкерлері рәсімдегеннен кейін 6 сағат ішінде мас болу жағдайының бар-жоғына медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтпеген;
- 28) жылдың осы мезгілі мен осы жерге тән әдеттегі ауа райы және табиғи жағдайлардың/құбылыстардың әсері;

4.4. Мыналар сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

- 1) зауыт-дайындаушы орнатқан немесе қосымша жабдық ретінде сақтандырылмаған болса, құрал-саймандар жиынтығының, дәрі қобдишасының, өрт сөндіргіштің, апаттық тоқтау белгісінің, стационарлық ұрлыққа қарсы құралдардың ұрлануынан, бүлінуінен, жойылуынан болған шығындар;



- 2) осы сақтандыру жағдайынан туындаған автомобиль көлігінің басқа тораптары мен бөлшектерінің бүлінуі болмаған кезде шиналар немесе доңғалақ дискілерінің бүлінуінен болған шығындар;
 - 3) тіркеу нөмірлерінің ұрлануынан болған шығындар;
 - 4) автомобиль көлігінің бөлшектері, тораптары мен агрегаттарының пайдаланылуы нәтижесінде, оның ішінде агрегаттардың ішкі қуыстарына бөгде заттар мен заттардың түсуі салдарынан сынуынан, істен шығуынан, жұмысын тоқтатуынан болған шығындар;
 - 5) автомобиль көлігінің, қосымша жабдықтың табиғи тозуымен байланысты шығындар;
 - 6) жүк автомобильдерін, жеңіл автомобильдердің жүк модификацияларын, тіркемелер мен жартылай тіркемелерді сақтандырған кезде тенттің бүлінуінен немесе ұрлануынан болған шығындар.
- 4.5. Үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері тәуекелі бойынша сақтандырған кезде, Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру қорғанысы қолданылатын кезеңде:
- 1) автомобиль көлігі ұрлыққа қарсы дабылмен немесе руль дөңгелегін иммобилизациялайтын құрылғымен жабдықталған болуын;
 - 2) түнде автомобиль көлігі қауіпсіз қоршалған жерде, күзетілетін тұрақта немесе гаражда болуын;
 - 3) автомобиль көлігі қараусыз қалдырылған кезде барлық құлыптар жабық болуын және ұрлыққа қарсы дабыл қосылуын не руль дөңгелегі иммобилизациялануын қамтамасыз етуге тиіс.
- 4.6. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) осы баптың 4.5-тармағында көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда, Сақтандырушы үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері тәуекелі бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
- 4.7. Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүргізбейді:
- 1) жанама және коммерциялық шығындар, оның ішінде тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды өндіру (қызметтер көрсету), шарттар (келісімдер) бойынша өзге міндеттемелер мерзімдерін бұзуға байланысты шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.б.), жіберілген пайда; сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын өзге де шығыстар (әкімшілік айыппұлдар және өзге де мемлекеттік төлемдер; жалға алынған автомобиль көлігін (мүлікті) пайдаланғаны үшін төлемдер; жөндеу кезінде қонақүйде тұруға төлемдер; іссапар шығыстары; кіріс жоғалту; бос тұрып қалудан болған шығыстар; тұрақ пен күзетке төлемдер, бүлінген автомобиль көлігін тасымалдау шығындары);
 - 2) моральдық зиян;
 - 3) сот шығындары;
 - 4) автомобиль көлігінің тауарлық құнының жоғалуы.
- 4.8. Автомобиль көлігінің және/немесе мүліктің жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі автомобиль көлігін өртеу нәтижесінде болған жағдайда, бұл сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды.
- 4.9. Автомобиль көлігінің және/немесе мүліктің жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі отын жүйесінің бұзылуы салдарынан көлік құралының жануы себебінен болған жағдайда, осы сақтандырумен ол жабылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды.
- 4.10. Егер Сақтандыру шарты жасалған сәтте сақтандырылған көлік құралдары толық жарамды күйде болмаса және сақтандырылған көлік құралдарының түпнұсқа кілттерінің, электрондық басқару және іске қосу пульттерінің толық жиынтығы болмаса, осы сақтандырумен ол жабылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды.
- 4.11. Осы Ережелерге сәйкес берілген Сақтандыру шарты кез келген жағдайда кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық қамтылымды, кодты, вирусты немесе процесті немесе кез келген өзге электрондық жүйені қасақана пайдалану немесе қолдану (зиян келтіру құралы ретінде) нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде туындаған, арандатылған немесе одан туындайтын шығындарды, залалды, жауапкершілікті немесе шығыстарды жаппайды.
- 4.12. Осы Ережелерге сәйкес берілген Сақтандыру шарты кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені немесе бағдарламалық қамтылымды немесе кез келген өзге электрондық жүйені кез келген қарудың немесе снарядтың іске қосу және/немесе бағыттау және/немесе іске қосу тетігі жүйесінде пайдалану нәтижесінде туындайтын шығындарды жаппайды.

5. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

- 5.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
- 5.2. Автомобиль көлігін сақтандырған кезде сақтандыру сомасы Сақтандыру шарты жасалған кездегі оның нақты құнынан (нарықтық-сақтандыру құнынан) аспауға тиіс.
- 5.3. Нақты құн деп сақтандырылғанмен бірдей маркалы жаңа автомобиль көлігінің құны, оның



моральдық және физикалық тозуын ескере отырып, не осы жерде осындай автомобиль көлігінің нарықтық құнын негізге ала отырып, не Сақтандыру шарты жасалған кездегі оның нарықтық құны негізінде, не сауда ұйымы берген анықтама-шот, сатып алу-сату шарты негізінде айқындалатын құн түсініледі.

5.4. Нақты құн сондай-ақ автомобиль көлігінің бастапқы құнын, амортизациялық есептеуді (тозуды), пайдалану мерзімін, техникалық жай-күйін және тауарлық түрін ескере отырып айқындалуы мүмкін.

5.5. Тараптар Сақтандыру шартында айқындалған автомобиль көлігінің сақтандыру құнын дауласа алмайды, Сақтандырушының Сақтанушы оны қасақана жаңылыстырғанын дәлелдейтін жағдайларды қоспағанда.

5.6. Егер Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кетсе, онда Сақтандыру шарты сақтандыру шарты жасалған кездегі сақтандыру құнынан асатын сақтандыру сомасының сол бөлігінде жарамсыз болып табылады.

5.7. Егер Сақтандыру шарты жасалған сәтте сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан төмен белгіленсе, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтанушы (сақтандырылған тұлға) сақтандыру жағдайы басталған нәтижесінде шеккен нақты залалдың бір бөлігі мөлшерінде, сақтандыру сомасының сақтандыру құнына арақатынасына пропорционалды түрде жүзеге асырады.

5.8. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шарты жасалған сәтте автомобиль көлігінің нақты құнынан аспайтын мөлшерде айқындалады;

5.9. Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасы сақтандыруға қабылданған әрбір объекті (сақтандырылған автомобиль көлігі) бойынша жекелеген сақтандыру сомаларынан құралады.

6. Сақтандыру сыйлықақысы. Франшиза.

6.1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартымен белгіленеді және Сақтанушының Сақтандырушыға соңғысының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді.

6.2. Сақтандыру шартында жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді.

6.3. Сақтандырушы төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде қауіп факторларына: шығарылған жылына, дабыл жүйесінің болуына, коммерциялық мақсатта пайдаланылуына байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне жоғарылататын және төмендететін коэффициенттерді қолдануға құқылы.

6.4. Сақтандыру шартында «Жеңілдік-50%» опциясы болған кезде, Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сыйлықақысы жеңілдікпен берілген сыйлықақы болып табылады және сақтандырушы сақтандырудың осы түрі бойынша осындай сақтандыру объектілеріне қатысты белгілейтін стандартты сақтандыру сыйлықақысының 50%-ын құрайды. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы стандартты сақтандыру сыйлықақысының 50%-ын осы Ережелердің 3-бабының 3.3-тармағының 3) тармақшасында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемі сомасынан ұстап қалады.

6.5. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан біржолғы не Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп төленуге жатады.

6.6. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын Сақтандыру шартында келісілген мерзімдерде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға не сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

6.7. Егер Сақтандыру шартының қолданылуы Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігін төлемеуіне байланысты Сақтандыру шартын бұзу салдарынан тоқтатылған болса, Сақтандыру шарты қайта жаңартылуы мүмкін. Бұл ретте Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ұзартылмайды. Сақтандырушы Сақтандыру шарты бұзылған кезден бастап қайта жаңартылған сәтке дейін ол бойынша жауапты болмайды және осы кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

6.8. Сақтандыру шарты шартсыз франшизамен жасалады, оның мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.



7. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

7.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша Сақтандырушыға жазбаша жүгіну жолымен, Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатындағы ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынған кезде, не Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып электрондық нысанда ақпарат алмасу жолымен, Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатындағы ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті талаптарды сақтай отырып жасалуы мүмкін.

7.2. Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Өтініш-сауалнаманың форматы Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалған.

7.3. Сақтандыру шарты сақтандырушының осы Ережелерге №1 Қосымша нысанындағы сақтандыру полисін ресімдеуі арқылы жасалады.

7.4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі мәнге ие, Сақтанушыға белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.

7.5. Мынадай мән-жайлар елеулі деп танылады:

- 1) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе заңды тұлғаның толық атауы;
- 2) тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, телефон нөмірі, факс, банктік деректемелері;
- 3) Сақтандырылған тұлға мен Пайда алушы туралы көрсету;
- 4) автомобиль көлігін басқаруға жіберілген тұлғалар туралы мәліметтер;
- 5) сақтандыру аумағын көрсету;
- 6) сақтандырылатын автомобиль көлігінің тізбесі, олардың сипаттамалары;
- 7) автомобиль көлігін пайдалану мақсаттарын көрсету;
- 8) көлік құралының техникалық жай-күйі;
- 9) көлік құралын жалға беру не такси ретінде пайдалану;
- 10) автомобиль көлігін пайдалану негіздері (меншік құқығы; жедел басқару құқығы; жалдау, прокат шарты; сенімхат бойынша);
- 11) Сақтандыру шарты жасалған сәтте сақтандырылуға жататын автомобиль көлігінде бар бүлінулер мен ақаулар;
- 12) басқа тұлғалар тарапынан автомобиль көлігіне қатысты талаптардың, сот талап-арыздарының болуы немесе соттың қабылданған шешімдерінің болуы туралы мәліметтер;
- 13) өз бетінше орнатылған электр және өзге жабдықтың болуы, электрондық ұрлыққа қарсы дабыл жүйесінің болуы туралы мәліметтер;
- 14) сақтандыру жүзеге асырылатын сақтандыру жағдайларының тізбесі;
- 15) автомобиль көлігінің сақтандыру және нақты құны;
- 16) сақтандыру сомасының мөлшері;
- 17) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі;
- 18) сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі (біржолғы, бөліп төлеу);
- 19) өтініш-сауалнамада көрсетілген ақпарат.

7.6. Сақтанушы сондай-ақ сақтандыруға қабылданатын автомобиль көлігіне қатысты сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында Сақтандырушы қойған өзге де сұрақтарға жауап беруге міндетті.

7.7. Өтініш-сауалнамада көрсетілуге тиіс мәліметтер мен мән-жайлардың дұрыстығы мен толық еместігі үшін жауапкершілікті Сақтанушы көтереді. Өтініш-сауалнамада көрсетілгендердің мазмұны бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауынан дау туындаған жағдайда, дау Сақтандырушының пайдасына шешіледі.

7.8. Егер өтініш-сауалнамада шындыққа сәйкес келмейтін деректер мен ақпарат ұсынылса, онда Сақтандыру шарты жасалмаған болып танылады және төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

7.9. Егер Сақтанушы үндемей қалған мән-жайлар енді жойылып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

7.10. Қажет болған жағдайда, Сақтанушы сақтандыруға ұсынылатын автомобиль көлігіне меншік құқығын (пайдалану, иелену және/немесе билік ету құқығын) растайтын және оның құны мен оны сипаттайтын деректерді куәландыратын құжаттарды қоса беруге тиіс.

7.11. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы Сақтанушыдан автомобиль көлігін қарап шығуды, КҚ-ны суретке түсіруді қамтамасыз етуді талап етуге құқылы.



7.12. Сақтандырушы автомобиль көлігінің бар-жоғын және жай-күйін тексеруге (қарап шығуға), Сақтанушының автомобиль көлігі туралы хабарлаған мәліметтерінің дұрыстығын тексеруге, ал қажет болған жағдайда оның нақты құны мен тәуекел дәрежесін анықтау мақсатында сараптама тағайындауға құқылы.

7.13. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының көшірмесін береді, осыдан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз болып есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

7.14. Сақтандыру шартының талаптарындағы кез келген өзгерістер ескі Сақтандыру шартын бұзу және жаңа Сақтандыру шартын жасасу арқылы ресімделеді.

7.15. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында мынадай мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілуге тиіс:

- 1) сақтандыру объектісі болып табылатын белгілі бір мүлік не өзге мүліктік мүдде туралы;
- 2) сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты туралы (сақтандыру жағдайы);
- 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
- 4) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі туралы.

7.16. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушының факсимильдік құралдарды (факсимиле) және/немесе қолтаңбаны және/немесе мөрді электрондық көшіруді пайдалана отырып Сақтандыру шартын жасау мүмкіндігімен келіседі және мұндай Сақтандыру шарты Тараптармен түпнұсқа деп танылады.

8. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

8.1. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

8.2. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

8.3. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек Сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана таралады.»

9. Қосарланған сақтандыру

9.1. Қосарланған сақтандыру – бір және сол бір объектіні әр сақтандырушымен жасалған дербес шарттар бойынша бірнеше сақтандырушыда сақтандыру.

9.2. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушы (Пайда алушы) алдында өзімен жасалған Сақтандыру шарты шегінде мүліктік жауаптылықта болады, алайда Пайда алушының барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс.

9.3. Қосарланған сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға өзге сақтандыру компанияларындағы сақтандыру төлемін реттеу мәселесіне қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

9.4. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залал мөлшерін басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп анықтауға құқылы.

10. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Сақтанушының құқығы бар:

- 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап етуге;
- 2) егер ол Сақтандыру шарты бойынша Пайда алушы болып табылса, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алуға;
- 3) Сақтандыру шартын басқа автомобиль көлігіне қайта ресімдеуге;
- 4) Сақтандырылған тұлғалар тізіміне өзгерістер енгізуге. Сақтандырылған тұлғалар тізіміне өзгерістер енгізу үшін Сақтанушы өзгерістердің болжамды күнінен кемінде 3 (үш) күн бұрын Сақтандырушыға жазбаша өтінішпен жүгінуге тиіс, бұл өтініш Сақтандыру шартының ажырамаc бөлігіне айналады;



- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
10.2. Сақтанушы міндетті:
- 1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Шарт жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 2) Сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалып жатқан автомобиль көлігін (мүлікті) сақтандырудың барлық Шарттары туралы жазбаша хабарлауға;
- 3) сақтандыру сыйлықақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 4) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдың мөлшерін айқындау үшін елеулі мәні бар белгілі мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 5) сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сондай-ақ Шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы, егер бұл өзгерістер Шарттың қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға. Сақтандырушыға Шарт жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер елеулі деп танылады;
- 6) Сақтандырылған тұлғалардың назарына сақтандыру талаптарын жеткізуге және оларды Сақтандыру шартымен және Сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
- 7) сақтандыру талаптарын орындауға (Сақтандырылған тұлғалардың Сақтандыру шартының талаптарын бұзуы Сақтанушының өзі Сақтандыру шартының талаптарын бұзуы ретінде бағаланады);
- 8) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыға Сақтандыру шартымен және Сақтандыру ережелерімен белгіленген мерзімдерде және тәртіппен хабарлауға;
- 9) сақтандыру жағдайынан болатын залалдың алдын алу немесе оны азайту үшін барлық ықтимал және орынды шараларды қабылдауға;
- 10) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдарлары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайымдауға мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты ұсынуға;
- 11) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 12) сақтандыру төлемін алған жағдайда Сақтанушы кінәлі тұлғадан залал құнын алуға құқылы емес, сақтандыру төлемі келтірілген залалды толық көлемде жаппаған жағдайларды қоспағанда, бұл жағдайда Сақтанушы кінәлі тұлғадан сақтандыру төлемі мен залал сомасы арасындағы жетіспейтін айырманы өндіріп алуға құқылы;
- 13) осы баптың 10.2-тармағының 12) тармақшасын бұзған жағдайда сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруға және келтірілген шығындарды өтеуге.
- 14) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, жинауға және өндеуге келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның немесе үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.
- 15) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.
- 16) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өндеуге, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісімін талап етуге міндетті.



- 17) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан өңдеуге келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімінің болмауы, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы жағдайлары үшін жауапты болады.
- 18) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды: атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);
- субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
 - дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең;
 - оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе ондай мүмкіндіктің болмауы туралы мәліметтер;
 - оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің бар-жоғы немесе жоқтығы туралы мәліметтер;
 - дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер;
 - дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі.
- 19) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтанушының жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының мобильді қосымшаларында, сондай-ақ олардың серіктестерінің интернет-ресурстарында, мобильді қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде сақталатын дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісін растайды.
- 20) Мас болу (есірткілік, алкогольдік, токсикоманиялық және т.б.) мәніне медициналық куәландырудан сақтандыру жағдайын жол полициясы қызметкерлері ресімдегеннен кейін 6 сағат ішінде өтуге міндетті, кері жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартады.
- 21) Сақтандыру шартында «Жеңілдік-50%» опциясы болған кезде, Сақтанушы сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алғанға дейін осы Ережелердің 3-бабы 3.3-тармағының 3) тармақшасында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемі сомасынан стандартты сақтандыру сыйлықақысының 50%-ын сақтандырушының ұстап қалуы туралы сақтандырушымен «өзара есепке алу туралы келісімге» қол қоюға міндетті.
- 10.3. Сақтандырушының құқығы бар:
- 1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырылатын автомобиль көлігін және мүлікті қарап шығуға, ал қажет болған жағдайда оның нақты құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындауға;
 - 2) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
 - 3) бүлінген автомобиль көлігін (мүлікті) қарауға қатысуға;
 - 4) сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
 - 5) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан сақтандыру жағдайы фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
 - 6) Сақтанушының немесе оның уәкілетті тұлғасының қасақаналығы болған жағдайда, сондай-ақ Сақтанушы Сақтандыру ережелері мен Сақтандыру шартының талаптарын орындамаған кезде, не оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған кезде, бұл туралы Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны / Пайда алушыны) жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
 - 7) тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың бар-жоғын кез келген уақытта инспекциялауға және тексеруге;
 - 8) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына барабар қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
 - 9) клиенттерді тиісті тексеруді жүргізу үшін Сақтанушыдан қажетті құжаттарды талап етуге.
 - 10) Сақтандыру шартында «Жеңілдік-50%» опциясы болған кезде, осы Ережелердің 3.3-тармағының 3) тармақшасының 3.1) тармақшасына сәйкес «өзара есепке алу туралы келісімге» Сақтанушы қол қойудан бас тартқан жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға;
 - 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
- 10.4. Сақтандырушы міндетті:
- 1) Сақтанушыны сақтандыру талаптарымен таныстыруға;



- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру ережелерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
 - 3) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін жасаған орынды және мақсатқа сай шығыстарын өтеуге;
 - 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 5) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушыны/Сақтандырылған тұлғаны құжаттар алынған күннен бастап 15 күн ішінде хабардар етуге.
 - 6) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/ Сақтандырылған тұлғаның/ Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;
 - сақтанушының/сақтандырылған тұлғаның құжаттарды, сондай-ақ сақтандырушының сұрауы бойынша тиісті тексеру жүргізу үшін қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақша және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.
- 10.5. Осы баптағы тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық болып табылмайды, тараптардың жекелеген құқықтары мен міндеттері Сақтандыру ережелерінің басқа баптарында көзделген және кеңейтілуі мүмкін.

11. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңдегі сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

11.1. Сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

11.2. Кез келген жағдайда мынадай өзгерістер мен мән-жайлар елеулі деп танылады:

- 1) автомобиль көлігін сақтандыру аумағынан тыс пайдалану;
- 2) автомобиль көлігін жалға, лизингке, прокатқа, кепілге немесе өзге ауыртпалыққа беру, автомобиль көлігін пайдалану сипатының елеулі өзгерістері, есептен шығару, жол полициясы органдарында қайта тіркеу;
- 3) автомобиль көлігін сату немесе басқасына ауыстыру, кузовты/қозғалтқышты ауыстыру, қосымша жабдық орнату;
- 4) автомобиль көлігін пайдалану және сақтау сипаты мен мақсаттарының елеулі өзгеруі;
- 5) сақтандырылған автомобиль көлігіне тіркеу құжаттарын, автомобиль көлігінің кілттерін, дабылды басқару пультін, тіркеу (мемлекеттік) нөмірлерін (белгілерін) жоғалту, ұрлау немесе ауыстыру;
- 6) Сақтандыру шартында келісілмеген тұлғаға сенімхат беру немесе автомобиль көлігіне билік ету (басқару) құқықтарын ұсыну;
- 7) қосарланған сақтандырудың болуы;
- 8) көлік құралының ақаулығының болуы.

11.3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына барабар қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

11.4. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушы осы Ережелердің 16-бабында белгіленген мөлшерде Сақтандырушының істі жүргізуге жұмсаған шығыстарын және сақтандыру қызметінен алынатын табыс салығын төлеуді ескере отырып, сақтандыру қорғанысының қалған мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға құқылы.

11.5. Сақтанушы осы Ережелердің 11.1-тармағында көзделген міндетін орындамаған жағдайда, Сақтандырушы осы Шартты бұзуды және оны бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына барабар азайтуға не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.



11.6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар енді жойылып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

12. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) әрекеттері

12.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- қалыптасқан мән-жайларда мүмкін болатын залалдың алдын алу немесе оны азайту үшін барлық орынды және қолжетімді шараларды қабылдауға, оның ішінде бүлінген автомобиль көлігін және/немесе мүлікті құтқару және сақтау жөнінде шаралар қолдануға (егер Сақтандырушы нақты шараларды қабылдау туралы нұсқаулар берген болса, соларды ұстануға тиіс);
- медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтуге;
- сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге уәкілетті тиісті құзыретті органдарға жүгінуге, атап айтқанда:
 - а) жол полициясы органдарына, - автомобиль көлігінің кез келген бүлінуі жағдайында;
 - б) өртке қарсы қызмет органдарына, - өрт нәтижесінде туындаған бүлінулер жағдайында;
 - в) ПМ тергеу органдарына, - автомобиль көлігін немесе оның агрегаттарын, бөлшектерін, жүйелерін, тораптарын, құрылғыларын, конструкция элементтерін және (немесе) мүлкін ұрлау жағдайында;
 - г) қоршаған ортаның жай-күйін қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға,
- дүлей зілзалалар нәтижесінде автомобиль көлігі бүлінген жағдайда, тиісті аумақта дүлей зілзалалардың туындау фактісін растайтын тиісті құжаттарды алу үшін;
- оқиғаның уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдармен құжаттық ресімделуін қамтамасыз етуге;
- оқиғаны мемлекеттік және өзге де құзыретті органдар құжаттық ресімдеген кезде жәрдем көрсетуге, оның ішінде жол-көлік оқиғасы кезінде:
 - а) кінәлі тұлғаның және куәлардың деректерін, егер оларды анықтау мүмкіндігі болған болса, жазып алуға;
 - б) жол-көлік оқиғасы жасалған кезде жол полициясы органдары ресімдейтін хаттамада автомобиль көлігінің барлық бүлінулерінің көрсетілуін бақылауға;
 - в) жол полициясы қызметкерлері оқиға схемасын және автомобиль көліктерінің жолдың жүру бөлігіндегі орналасуын жасаған кезде қатысуға және көмектесуге, схемаға келіспеген жағдайда оған қол қою кезінде өз пікірін көрсетуге;
 - г) жол полициясы органдарына болған оқиғаның мән-жайларын толық көрсете отырып түсініктеме жазуға;
 - д) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қойған кезде, жол полициясы органдары қызметкерлерінің шешімімен келіспеген жағдайда, хаттамада өз пікірін баяндауға.
- шығындардың келтірілуіне жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті, мүмкін болатын және орынды шараларды қабылдауға;
- қысқа мерзімде, бірақ қандай жағдайда да, ол білген сағаттан бастап есептегенде, мереке және демалыс күндерін қоспағанда, 3 (үш) тәуліктен кешіктірмей, оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыға немесе оның өкілетті өкіліне хабарлауға, оған оқиғаның мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлауға, Сақтандырушымен одан арғы әрекеттерді келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға;
- бүлінген автомобиль көлігін және/немесе мүлікті Сақтандырушы оны қарап шыққанға дейін сақтандыру оқиғасы басталғаннан кейінгі қалпында сақтауға; Сақтанушы келтірілген залал көрінісін тек қауіпсіздік, залал мөлшерін азайту мақсатында немесе Сақтандырушының келісімі алынған жағдайда ғана өзгертуге құқылы;
- Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы (оқиғасы) орнын және бүлінген автомобиль көлігін және/немесе мүлікті қарап шығуға немесе зерттеуге, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеу жүргізуге, залалды азайту және сақтандырылған автомобиль көлігін (мүлкін) құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге.



12.2. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттер жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға; қандай да бір ұсыныстар қабылдамауға; осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасамауға және оларды жасауға уәде бермеуге, Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз міндетті.

- 12.3. Залал келтірілген жағдайда Сақтандырушы немесе оның өкілі Сақтанушының (Пайда алушының) қатысуымен бүлінген автомобиль көлігін және/немесе мүлікті қарап шығуға және сақтандыру актісін (қарау актісін) жасауға міндетті. Қарау құзыретті органдар өкілінің (ішкі істер органдарының, өрт қызметінің және т.б.) қатысуымен жүргізілуі мүмкін.
- 12.4. Сақтандырушының өкілі Сақтанушының залал туралы хабарламасын күтпестен зардап шеккен автомобиль көлігін және/немесе мүлікті қарауға кірісуге құқылы. Сақтанушы бұған кедергі келтіруге құқылы емес.
- 12.5. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылмаса, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлау және қалыптасқан мән-жайларда мүмкін болатын залалдың алдын алу немесе оны азайту үшін, оның ішінде сақтандырылған автомобиль көлігін (мүлкін) құтқару және сақтау жөнінде орынды және қолжетімді шаралар қабылдау міндеті Сақтандырылған тұлғаға жүктеледі.
- 12.6. Пайда алушы қандай да бір мән-жайларда, оны Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға жасаған-жасамағанына қарамастан, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға құқылы.
- 12.7. Сақтандырушыны келісілген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

13.Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

13.1. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ сонымен келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

13.2. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) құжат жүзінде мыналарды дәлелдеуге міндетті:

- сақтандырылған автомобиль көлігіне (мүлікке) өзінің мүддесін;
 - сақтандыру жағдайының болуын;
 - келтірілген залалдың мөлшерін.
- 13.3. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға тиіс:
- 1) **Жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу талаптарын сақтау үшін:** сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтініш; Сақтандыру шартының көшірмесі; өтініш берушінің жеке куәлігі; жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаны тіркеу туралы куәлік (егер Сақтанушы жеке тұлға болып табылса және жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса); сақтандыру компаниясында іс жүргізу және сақтандыру төлемін алу құқығына сенімхат (заңды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүддесін білдіру жағдайында);
 - 2) **Сақтандырылған автомобиль көлігін сақтауға мүддені дәлелдеу үшін:** сақтандырылған автомобиль көлігіне иелік ету құқығын растайтын құжаттар (көлік құралын тіркеу туралы куәлік; сақтандыру жағдайы басталған кезде автомобиль көлігін басқарған тұлғаның автомобиль көлігін басқару құқығына сенімхаты (нотариат куәландырған) немесе жол қағазы; сақтандыру жағдайы басталған кезде автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жүргізуші куәлігінің көшірмесі; сақтандыру жағдайы басталған кезде автомобиль көлігін басқарған тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі; егер автомобиль көлігі жалдау шартына сәйкес пайдаланылған болса, жалдау шартының көшірмесі; меншік иесінің атынан автомобиль көлігіне (мүлікке) иелік ету, пайдалану және/немесе билік ету құқығын растайтын өзге құжаттың көшірмесі; және т.б.);
 - 3) **Сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін:**
 - а) **жол-көлік оқиғасы кезінде:** жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың көшірмесі және оған қосымша; оқиға орнын қарау хаттамасының, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының, жол-көлік оқиғасына қатысушыларды медициналық куәландыру анықтамасының көшірмелері; сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын жол полициясы органдары мен құқық қорғау органдары (тергеу, сот және т.б.) жасаған өзге құжаттар не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттар;
 - б) **үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері кезінде:**



оқиға орнын қарау хаттамасының және қылмыстық істі қозғау туралы (не қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы) қаулының көшірмелері, істі жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулының көшірмесі (автомобиль көлігін айдап әкету не ұрлау кезінде); айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қайшы әрекеттер жасаған тұлға анықталған кезде); кінәлі тұлғаларға қатысты сот үкімі (не қылмыс жасаған кінәлі тұлғалар анықталмаған болса, істі тоқтату туралы қаулы); сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған өзге құжаттар не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттар; ал автомобиль көлігін айдап әкету не ұрлау кезінде қосымша ұрланған (айдап әкетілген) автомобиль көлігінің түпнұсқа кілттерінің толық жиынтығы; барлық электрондық және электрондық-механикалық ұрлыққа қарсы жүйелердің басқару пульттерінің, брелоктарының, карталарының, белсенді және пассивті активаторларының толық жиынтықтары, сақтандырылған автомобиль көлігі жабдықталған механикалық ұрлыққа қарсы құрылғылардың барлық кілттері;

КҚ айдап әкетілген не ұрланған жағдайда қосымша (түпнұсқалар):

КҚ тіркеу құжаттары; КҚ-ны пайдалану және оған билік етуге берілген сенімхаттар; ұрланған (айдап әкетілген) КҚ-ның түпнұсқа кілттерінің жиынтықтары; сақтандырылған КҚ жабдықталған ұрлыққа қарсы жүйелердің басқару пульттерінің жиынтықтары; жазбаша абандон-өтініш (Сақтанушының зардап шеккен автомобиль көлігіне қатысты мүліктік құқықтардан Сақтандырушының пайдасына бас тартуы).

в) дүлей зілзалалар кезінде:

гидрометеоқызметтің аумақтық бөлімшелері, мемлекеттік комиссиялар, сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құзыретті органдар жасаған актілер, қорытындылар, өзге құжаттар не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттар;

г) өзге күтпеген оқиғалар кезінде:

өртке қарсы және құқық қорғау органдары актілерінің көшірмелері, өрт-техникалық сараптама қорытындысы, жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың көшірмесі және оған қосымша; оқиға орнын қарау хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған өзге құжаттар не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттар;

4) Келтірілген залал мөлшерін дәлелдеу үшін:

Сақтандырушының жолдамасына сәйкес тәуелсіз сараптамалық (бағалау) ұйымдардың қорытындылары, ал Арнайы ТҚС опциясы таңдалған жағдайда – мамандандырылған ТҚС-дан келтірілген залал мөлшерін растайтын құжаттар, сондай-ақ көрсетілген мамандандырылған ТҚС-да жөндеу жүргізілгенін растайтын құжаттар (жөндеу жүргізілгеннен кейін).

13.4. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) автомобиль көлігін сақтауға мүддені, сақтандыру жағдайының басталуын растайтын өзге дәлелдемелерді ұсынуға құқылы.

13.5. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтінішті және тиісті құжаттарды Сақтандырушының алған фактісі уәкілетті қызметкердің не Сақтандырушы өкілінің қолхатымен расталады.

13.6. Болған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдарынан, өрт қадағалау органдарынан, авариялық-техникалық қызметтерден, газ желісінің авариялық қызметтерінен), оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпаратқа ие кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.

13.7. Қажет болған жағдайда оқиғаның басталу себептері мен залал мөлшерін айқындау жөніндегі жұмысты Сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, авариялық комиссарлар орындай алады.

14. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі.

14.1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы жазбаша өтінішті алғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін қажетті барлық құжаттар ұсынылғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

- 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды; Сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; Сақтанушының (Сақтандырылған



тұлғаның, Пайда алушының) сақтандырылған автомобиль көлігін (мүлікті) сақтауға мүддесінің бар-жоғын тексереді; залал келтірілген оқиғаның фактісі мен себептерін анықтайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;

- 2) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

14.2. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Сақтандыру ережелерінің 13-бабында көрсетілген Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) ұсынған құжаттардың, сондай-ақ қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін Сақтандырушы немесе оның өкілі жасаған сақтандыру жағдайы туралы актінің негізінде жүзеге асырады.

14.3. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырады. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы басталу нәтижесінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) шеккен нақты залал мөлшерінен аспауға тиіс.

14.4. Сақтандыру төлемі әрбір сақтандырылған объекті бойынша Сақтандыру шартында айқындалған франшизаны (шартты, шартсыз) және сақтандыру сомасын ескере отырып мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) егер Сақтандыру шартында сақтандыру сомасы сақтандырылған автомобиль көлігінің (мүлкінің) нақты құны мөлшерінде айқындалса, сақтандыру төлемі осы тармақтың 3) – 5) тармақшаларын ескере отырып, сақтандыру сомасы шегінде нақты залал мөлшерінде жүзеге асырылады;
- 2) егер Сақтандыру шарты жасалған сәтте Сақтандыру шартында сақтандыру сомасы сақтандырылған автомобиль көлігінің (мүлкінің) нақты құнынан төмен айқындалса, сақтандыру төлемінің мөлшері осы тармақтың 3) - 5) тармақшаларын ескере отырып, сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру сомасының автомобиль көлігінің (мүлкінің) нақты құнына арақатынасына пропорционалды түрде айқындалады. Бұл жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері (СВ) мынадай формула бойынша айқындалады: $СВ = У \times С/СИ$, мұнда: У - нақты залал мөлшері; С - сақтандыру сомасы; СИ - автомобиль көлігінің (мүлкінің) сақтандыру құны;
- 3) егер осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру шартында белгіленген франшиза мөлшерінен аспаса, сақтандыру төлемі төленбейді;
- 4) егер осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартсыз франшиза мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында белгіленген шартсыз франшиза мөлшерін шегере отырып жүзеге асырылады;
- 5) егер осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартты франшиза мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі франшизаны шегермей осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес айқындалған мөлшерде жүзеге асырылады;
- 6) егер Сақтандыру шартында франшиза белгіленбесе, сақтандыру төлемі осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады.

14.5. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтем алған болса, Сақтандырушы осы тармаққа сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 14.4-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен аспаған жағдайда, келтірілген нақты залал мөлшері мен аталған тұлғадан алынған өтем арасындағы айырма мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

14.6. Егер осы баптың 14.5-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 14.4-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен асып кетсе, онда сақтандыру төлемі осы баптың 14.4-тармағына сәйкес есептелген мөлшерде жүзеге асырылады.

14.7. Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтем алған болса, ол осы баптың 14.4 – 14.6-тармақтарына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің тек бір бөлігіне ғана құқылы, осыған байланысты Сақтандырушы артық төленген сақтандыру төлемі сомасын қайтаруды талап етуге құқылы, ал келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтем алған Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) артық алынған соманы Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14.8. Нақты залал мөлшері мынадай түрде айқындалады:

- 1) ҚҚ толық жойылғанда, жойылып кеткенде, айдап әкетілгенде (ұрланған кезде) - сақтандыру шарты бойынша автомобиль көлігінің (мүлкінің) сақтандыру (нақты) құны мөлшерінде, пайдалануға және өткізуге жарамды қолда бар қалдықтарды, Сақтандыру шарты қолданылған кезеңдегі тозуды, сондай-ақ шартсыз франшизаны шегере отырып. Автомобиль көлігінің (мүлкінің) толық жойылуы (жойылуы) деп тәуелсіз бағалаушының есебіне сәйкес оның жөндеу (қалпына келтіру) шығындары тозуды ескере отырып, автомобиль көлігінің (мүлкінің) нақты құнының 80%-ынан асатын осындай бүлінген жай-күйі түсініледі. Бүлінген жай-күй әрбір объект бойынша жеке айқындалады;



2) ішінара бүлінген кезде:

- а) егер Сақтанушы Мамандандырылған ТҚС опциясын таңдамаған және оны таңдау үшін қосымша ақы төлемеген болса, залал сомасы амортизациялық тозуды ескере отырып жасалған, тәуелсіз сарапшы (бағалаушы) жасаған бағалау есебінің негізінде айқындалады, жөндеу (қалпына келтіру) шығындарынан жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөліктердің (бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың және т.б.) қалдық құны шегеріледі. Бағалаушы қызметіне ақы төлеу, сондай-ақ бағалаушыны таңдау Сақтандырушының айрықша құзыреті болып табылады.
- б) егер Сақтанушы Мамандандырылған ТҚС опциясын таңдаса және оны таңдау үшін қосымша ақы төлесе, ақау актісімен, шот-фактурамен, орындалған жұмыстар актісімен, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету станциясы (ТҚС) берген басқа да құжаттармен. Жөндеу (қалпына келтіру) шығындарына жөндеуге арналған материалдар мен қосалқы бөлшектерді сатып алу шығыстары, сондай-ақ мамандандырылған техникалық қарап-тексеру станциясында жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін төленетін жұмыстар құны ескеріледі.

14.9. Сақтанушы арнайы ТҚС опциясын таңдап, төлеген жағдайда, КҚ сатып алынған дилердің сервис-орталығының немесе өзге мамандандырылған сервис-орталықтың (ТҚС) шоты (актісі) негізінде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залал сомасын негіздеу үшін Сақтанушы (Пайда алушы) ұсынған ТҚС-ның банктік шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүзеге асырылады. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) Сақтандырушыға КҚ сатып алынған дилердің сервис-орталығының немесе өзге мамандандырылған сервис-орталықтың (ТҚС) шотының (актісінің) төленгенін растайтын құжаттарды, сондай-ақ Орындалған жұмыстар актісін ұсынған жағдайда, сақтандыру төлемі Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) жүзеге асырылады.

14.10. Жөндеу-қалпына келтіру шығындарына жөндеуге арналған материалдар шығыстары, жөндеу жұмыстарын төлеуге арналған шығыстар және сақтандырылған автомобиль көлігін (мүлкін) сақтандыру жағдайы басталар алдында болған күйіне келтіру үшін қажетті өзге де шығыстар кіреді. Егер бүлінген бөліктерді (бөлшектерді, тораптарды, агрегаттарды және т.б.) ауыстыру жүргізілсе, бірақ оларды жөндеу сақтандырылған автомобиль көлігіне (мүлкіне) қауіп төндірмей мүмкін болса да, Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) осы бөліктерді жөндеу құнын өтейді, бірақ олардың ауыстыру құнынан аспайтын мөлшерде. Жөндеу-қалпына келтіру шығындарының сомасынан жөндеу процесінде ауыстырылатын бөліктердің (бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың және т.б.) тозуына шегерімдер жасалады.

14.11. Тараптардың келісімімен пайдалануға және өткізуге жарамды қолда бар қалдықтарды шегермей сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) пайдалануға және өткізуге жарамды қолда бар қалдықтарды Сақтандырушының меншігіне беруге міндетті.

14.12. Егер тараптардың келісімімен жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөліктердің (бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың және т.б.) қалдық құнын шегермей, жаңа материалдар мен қосалқы бөлшектерді (бөлшектерді, тораптарды, агрегаттарды және т.б.) сатып алу шығындарын Сақтандырушы толық көлемде өтейтіні айқындалса, онда Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөліктерді (бөлшектерді, тораптарды, агрегаттарды және т.б.) Сақтандырушының меншігіне беруге міндетті.

14.13. Сақтандырушы автомобиль көлігін жөндеу процесінде анықталған, сақтандыру жағдайынан туындаған және құжат жүзінде расталған жасырын зақымдар мен ақауларды жоюға байланысты шығыстарды өтейді.

14.14. Егер бүлінген автомобиль көлігін жөндеу процесінде сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған жасырын ақаулар анықталса, онда Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) осы ақаулар жойылғанға дейін жөндеу жұмыстарын тоқтатуға, жасырын ақаулардың анықталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға, Сақтандырушы өкілінің автомобиль көлігін қарау орнын, күнін және уақытын келісуге және Сақтандырушыға қосымша сақтандыру төлемі туралы жазбаша өтініш жолдауға міндетті.

14.15. Егер автомобиль көлігін Сақтандырушы өкілі не сарапшы қарау нәтижесінде анықталған жасырын ақаулар сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде туындағаны белгіленсе, онда Сақтандырушы жасырын ақаулардан туындаған залал мөлшерін айқындайды және Сақтандыру шартында айқындалатын тәртіппен қосымша сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

14.16. Сақтанушының осы баптың 14.14-тармағында баяндалған міндеттерді орындамауы Сақтандырушыға Сақтанушыға қосымша сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

14.17. Жұмыстарды шұғыл жүргізуге, автомобиль көлігінің (мүлкінің) бұрынғы жай-күйін



жетілдіруге немесе өзгертуге және осы сақтандыру жағдайымен байланысты емес өзге де қосымша шығындар нақты залал сомасына енгізілмейді және сақтандырумен жабылмайды. 14.18. Нақты залал мөлшерін айқындау кезінде мыналар ескерілмейді және сақтандырумен жабылмайды:

- 1) автомобиль көлігіне техникалық және кепілдікті қызмет көрсету шығыстары;
- 2) автомобиль көлігін реконструкциялауға және қайта жабдықтауға, оның жекелеген бөліктерін, бөлшектері мен тораптарын олардың тозуына, техникалық ақауына және сақтандыру жағдайына қатысы жоқ басқа себептерге байланысты жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
- 3) бүлінуі сақтандыру жағдайынан туындамаған автомобиль көлігінің (мүлкінің) бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеу немесе ауыстыру құны;
- 4) қаралып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ жетіспейтін бөліктердің (бөлшектердің, агрегаттардың және т.б.) құны.
- 5) автомобиль көлігін тасымалдауға арналған шығындар;
- 6) жасырын ақауларды қоспағанда, құзыретті органдар құжаттарында бүлінген ретінде көрсетілмеген автомобиль көлігінің бүлінген бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеуге кеткен шығындар.
- 7) бүлінген автомобиль көлігін жөндеуді жүзеге асыратын ТҚС-да қажетті қосалқы бөлшектер мен бөлшектердің болмауына байланысты автомобиль көлігінің тораптарын, агрегаттарын жөндеудің орнына толық жинақ түрінде ауыстыру;
- 8) нормативтен тыс тарифтерді, бағаларды және коэффициенттерді қолдануға байланысты шығыстар;
- 9) сақтандырылған автомобиль көлігінің (мүлкінің) құнын ұлғайтуға әкелетін өзге де шығыстар.

14.19. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) автомобиль көлігі (мүлік) айдап әкетілген немесе ұрланған жағдайда сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушымен мынадай шарт

жасасуға

міндетті:

а) айдап әкетілген (ұрланған) автомобиль көлігі (мүлік) табылған жағдайда автомобиль көлігінің (мүліктің) Меншік иесі табылған автомобиль көлігіне (мүлікке) меншік құқығын Сақтандырушының пайдасына беруді рәсімдеу міндеттемесін өзіне алады. Бұл ретте шарт бойынша Тараптар Сақтандырушының пайдасына меншік құқығын беруді рәсімдеуге байланысты шығыстарды тең бөліседі;

б) осы тармақтың а) тармақшасында көрсетілген міндеттемені Меншік иесі орындамаған жағдайда, не тараптардың келісімі бойынша Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) автомобиль көлігі (мүлік) табылған күннен бастап 10 күн ішінде алынған сақтандыру төлемін Сақтандырушыға қайтаруға және табылған автомобиль көлігін күтіп-ұстауға байланысты шығыстарды (егер оны Меншік иесіне бергенге дейін Сақтандырушы ұстаған болса) автомобиль көлігінің (мүліктің) жоғалған агрегаттарының, бөлшектерінің, жүйелерінің, тораптарының, құрылғылары мен конструкция элементтерінің құнын, сондай-ақ ұрлануға байланысты жөндеу шығыстарын немесе автомобиль көлігін (мүлікті) сақтандыру жағдайы сәтіндегі күйіне келтіру шығыстарын шегере отырып өтеуге міндетті.

14.20. Осы баптың 14.19-тармағына сәйкес шарт жасау автомобиль көлігі (мүлік) айдап әкетілген (ұрланған) жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асырудың қажетті талабы болып табылады.

14.21. Тараптардың келісімі бойынша автомобиль көлігі жойылған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемінің орнына залалды заттай нысанда, яғни жойылған автомобиль көлігінің орнына ұқсас автомобиль көлігін беру арқылы өтей алады. Сол маркалы, модельді және шығарылған жылы бірдей автомобиль көлігі ұқсас болып есептеледі.

14.22. Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) залалдың алдын алу немесе оны азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, тіпті тиісті шаралар нәтижесіз болса да, Сақтандырушымен өтелуге жатады.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерлерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспайтындай етіп өтеледі. Егер шығыстар Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) Сақтандырушы нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.

14.23. Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) ықтимал залалды азайту үшін өзіне қолжетімді және орынды шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған залалдың сол бөлігі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

14.24. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) Сақтандыру ережелерінің 13-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса немесе залалдың басталу мән-жайлары мен оның



мөлшері туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсынса, немесе осы баптың 14.19-тармағына сәйкес шарт жасалмаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

14.25. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған күнгі тиісті көлік құралының нарықтық құны мөлшерінде (сол көлік құралының бүкіл құнына немесе оның бөлігінің, бөлшегінің, жинақтаушы бөлігінің бүкіл құнына тиісінше) сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда көлік құралына (түгелімен немесе оның бөліктеріне, бөлшектеріне, жинақтаушы бөліктеріне тиісінше) немесе оның қалдықтарына құқыққа ие болады. Бұл жағдайда меншік иесі және/немесе Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы Сақтандырушыға жазбаша абандон-өтінішті (зардап шеккен/жоғалған көлік құралына немесе оның бөлігіне мүліктік құқықтардан Сақтандырушының пайдасына бас тарту) ұсынуға міндетті, оның негізінде Сақтандырушы аталған көлік құралының (оның бөлігінің) немесе оның кез келген қалдықтарының меншік иесі болуға, барлық құқық белгілейтін құжаттармен бірге құқық алуға ие болады, кері жағдайда Сақтанушы Сақтандырушы жүзеге асырған сақтандыру төлемін толық көлемде Сақтандырушыға қайтаруға тиіс.

14.26. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін он күн ішінде, не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде, сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) жазбаша нысанда хабарлайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негізді түрде дәлелдейді.

14.27. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтанушы /Пайда алушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті соңғы құжатты ұсынған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

14.28. Сақтанушының/Пайда алушының сұрауы бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтанушы соттың заңды күшіне енген қаулысын ұсынғанға дейін, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті өзге барлық құжаттар ұсынылған жағдайда, Пайда алушыға жүзеге асыра алады.

Бұл ретте, Сақтандырушы есептелген сақтандыру төлемі сомасынан 15% шегере отырып сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

Сақтандыру төлемін алғаннан кейін Сақтанушы әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қаулыны немесе сот үкімін сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін бір күнтізбелік ай ішінде Сақтандырушыға ұсынуға тиіс.

14.29. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.

14.30. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы сот тәртібімен шағым жасай алады.

14.31. Сақтандырушы егер сақтандыру жағдайы мынадайлардың салдарынан орын алса, Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

- 1) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және(немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал еткен қасақана әрекеттері, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда;
- 2) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және(немесе) Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстар немесе сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері.

14.32. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мынадайлар да негіз болуы мүмкін:

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын залалды азайту жөнінде шараларды қасақана қабылдамауы;
- 3) Сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті залал өтемін алуы;
- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және сол арқылы келтірілген залал мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
- 5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау, егер ол сақтанушының еркінен тыс себептермен немесе дәлелді себептермен байланысты болмаса және осы фактіні растайтын құжаттарды Сақтанушы ұсынбаса;



- 6) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
- 7) Сақтандыру шартында «Жеңілдік-50%» опциясы болған кезде, осы Ережелердің 3.3-тармағының 3) тармақшасының 3.1) абзацына сәйкес «өзара есепке алу туралы келісімге» Сақтанушының қол қоюдан бас тартуы;
- 8) Сақтандыру ережелерінде көрсетілген өзге де жағдайлар.
14.33. Осы баптың 14.31 - 14.32-тармақтарында көзделген оның құқыққа сыйымсыз әрекеттері себептері бойынша Сақтандырушыны Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату бір мезгілде Сақтандырушыны Сақтандырылған тұлғаға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан да босатады.
14.34. Егер құқық қорғау органдары Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) немесе оның отбасы мүшелеріне қарсы қылмыстық іс қозғап, залалдың басталуына әкелген мән-жайларды тергеу жүргізіп жатса, не құзыретті органдарда сақтандыру төлемінен бас тартуға негіздің бар екендігін болжауға мүмкіндік беретін материалдар болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімін тергеу немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы, бұл туралы Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны, Пайда алушыны) кешіктіру себептері туралы жазбаша хабардар ете отырып.
14.35. Ірі тәуекелдер қайта сақтандырылған жағдайда тараптардың келісімі бойынша сақтандыру төлемінің мерзімі неғұрлым кеш күнге ауыстырылуы мүмкін.

15. Сақтанушының залалды өтеуге қатысты құқықтарының Сақтандырушыға өтуі (Суброгация)

- 15.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде сақтандыру нәтижесінде өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) талап ету құқығы өтеді.
- 15.2. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушыға өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 15.3. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе осы құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

16.Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

- 16.1. Сақтандыру шартының қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:
 - 1) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанда;
 - 2) егер сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі сақтанушының міндеттерін өзіне қабылдасамаса, сақтанушы болып табылатын заңды тұлға таратылғанда немесе сақтанушы болып табылатын жеке тұлға қайтыс болғанда;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушы таратылғанда;
 - 4) сот сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдағанда;
 - 5) осы Сақтандыру ережелерінің 3.3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген 2-опция Сақтандыру шартында болған кезде, бірінші сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда.
- 16.2. Тараптар Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-бірін Сақтандыру шартының болжанған тоқтатылу күніне дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
- 16.3. Егер Сақтандыру шарты мынадай мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:
 - 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқанда;
 - 2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылған тұлға қайтыс болғанда, егер оны ауыстыру жүргізілмесе;
 - 3) Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірген жағдайда Сақтанушы мүлдіктік сақтандыру объектісін иеліктен шығарғанда;



- 4) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушы кәсіпкерлік қызметін белгіленген тәртіппен тоқтатқанда;
- 5) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтағанда;
- 6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
- 7) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда. Шарт осы тармақта Шартты тоқтатуға негіз ретінде көзделген көрсетілген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.

Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде қайтаруға құқылы:

№ п/п	Автомобиль көлігін сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтату сәтіне дейін өткен мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен)	
		Жеке тұлға үшін	Заңды тұлға үшін
1	2	3	4
1.	14 күнге дейін қоса алғанда	10	15
2.	15 күннен 1 айға дейін қоса алғанда	20	20
3.	1 айдан 2 айға дейін қоса алғанда	30	30
4.	2 айдан 3 айға дейін қоса алғанда	40	40
5.	3 айдан 4 айға дейін қоса алғанда	50	50
6.	4 айдан 5 айға дейін қоса алғанда	60	60
7.	5 айдан 6 айға дейін қоса алғанда	70	70
8.	6 айдан 7 айға дейін қоса алғанда	75	75
9.	7 айдан 8 айға дейін қоса алғанда	80	80
10.	8 айдан 9 айға дейін қоса алғанда	85	85
11.	9 айдан 10 айға дейін қоса алғанда	90	90
12.	10 айдан 11 айға дейін қоса алғанда	95	95
13.	11 айдан астам	100	100

Қайтарылатын сомадан сақтандырушы әкімшілік шығыстарды (жасалған Сақтандыру шарты бойынша табыс салығын, агенттік сыйақыны және Сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақыны қамтиды) ұстап қалуға құқылы.

16.4. Егер бұл Сақтандыру ережелерінің осы бабының 13.3-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сақтанушы-жеке тұлға сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, ол жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарды алынған сақтандыру сыйлықақысынан (сақтандыру жарналарынан) 10 (он) пайыз мөлшерінде шегере отырып қайтаруға міндетті.

16.5. Сақтанушы-жеке тұлғаның қарыз шартына байланысты Шарттан бас тартуы себебінен, оның (қарыз алушының) қарыз шарты бойынша қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарды алынған сақтандыру сыйлықақысынан (сақтандыру жарналарынан) 10 (он) пайыз мөлшерінде шегере отырып қайтаруға міндетті.

16.6. Егер Сақтанушының Шарттан бас тартуы осы баптың 16.3-16.5-тармақтарында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

16.7. Осы Сақтандыру ережелерінің 3.3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген «Жеңілдік-50%» опциясы Сақтандыру шартында болған жағдайда, Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын



тоқтатылу себебіне қарамастан, оның ішінде ҚР АҚ 841-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша да, егер бұл осы баптың 16.4 – 16.5-тармақтарында көрсетілген талаптарға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды.

16.8. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге, сондай-ақ төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мерзімі өткен әрбір күні үшін сақтандыру сыйлықақысынан 0,1% мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

16.9. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы оның талаптарын Сақтандырушының кінәсінен орындамаудан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

16.10. Шарт кез келген негіз бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, егер осы Шарт бойынша кез келген мөлшерде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса – сақтандыру сыйлықақысы және/немесе оның бір бөлігі қайтарылуға жатпайды.

17.Қосымша талаптар

17.1. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тараптардың өзара келісімі бойынша, тараптардың бірінің жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде жүргізіледі.

17.2. Егер қандай да бір тарап Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келіспесе, бес күндік мерзімде Сақтандыру шартын бұрынғы талаптарда жалғастыру немесе Сақтандыру шартын тоқтату мәселесі шешіледі.

17.3. Тараптардың бірінен өтініш алған сәттен бастап осы баптың 17.1 және 17.2-тармақтарынан туындайтын шешім қабылданған сәтке дейін Сақтандыру шарты бұрынғы талаптарда қолданылады.

17.4. Тараптар ынтымақтастық нәтижесінде алынған құпия ақпаратты жария етпеуге тиіс.

17.5. Сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған көлік құралына тікелей немесе жанама келтірілген залал мынадай оқиғалардың нәтижесінде немесе бар болғанда, не олардың әсері кезінде өтелмейді:

- 1) соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгершілік акцияларда, кез келген қақтығыстарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті құлатуда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген басқа ұқсас әрекеттерде қолдануға арналған не қолданылатын кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де қарулардың/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері;
 - 2) соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгершілік акцияларда, кез келген қақтығыстарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті құлатуда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген басқа ұқсас әрекеттерде қолдануға арналған не қолданылған не қолданылғаннан кейін қалған, не осындай әрекеттердің іске асырылмаған залалсыздандырылған құралдары болып қалған кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де қарулардың/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері.
- 17.6. Сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған көлік құралына тікелей немесе жанама келтірілген залал мынадай ахуалда өтелмейді:

- 1) соғыс жарияланғанына не жарияланбағанына қарамастан әскери іс-қимылдар;
- 2) мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер, әскери міндеттілер, жалдамалы әскерлер, бітімгерлер жүргізетін кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, әрекеттер;
- 3) жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, қақтығыстар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
- 4) терроризмге қарсы операциялар;
- 5) бітімгершілік операциялар;
- 6) төтенше жағдай;
- 7) коменданттық жағдай;
- 8) әскери жағдай;
- 9) қозғалысты шектеу режимдері;



- 10) жаппай тонаудың, қарақшылықтың, ұрлықтың, бұзақылықтың болуы.
17.7. Сақтандыру шарты бойынша мынадайлардың нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалту сақтандыру қорғанысымен жабылмайды:
- 1) кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе де-факто), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының сақтандырылған мүлікті тәркілеуі, мемлекет меншігіне алуы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы немесе пайдалануы.
 - 2) Кез келген өзге талаптарға қарамастан, шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтер көрсетпейді, егер осындай жабу, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге қызметі сауда не экономикалық санкциялар туралы қолданылатын кез келген заңнамалық немесе өзге нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.
- 17.8. КҚ-ның із-түссіз жоғалуы, жеке өзі де, тасымалдау құралымен бірге де.
17.9. Тараптар Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе оларға қатер төндіретін әрекеттерге қатысты OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны қарапайым жазбаша хабардар ету арқылы Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екеніне келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру шартында көрсетілген электрондық пошта арқылы немесе пошта арқылы мекенжайына хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.
- Тараптар осы Ережелердің 17.9-тармағына сәйкес Шарт қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды түрде пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарт қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынына келіседі.
- Тараптар Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе оларға қатер төндіретін әрекеттерге қатысты OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер қолданылған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынына келіседі.
- Тараптар осы Ережелердің 17.9-тармағына сәйкес Шарт біржақты тәртіппен бұзылған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтініне және қандай да бір залалдарды өтемейтініне келіседі.
- 17.10. Сақтандыру шартын жасай отырып, Сақтанушы орналасқан жері мен сақтандыру орнына қарамастан, алдыңғы 7 (жеті) жыл ішінде залалдардың болмағанын және сақтандыру нысанасы Сақтандыру шартының нысанасына ұқсас басқа сақтандыру компанияларымен сақтандыру шарттарын жасамағанын растайды және мәлімдейді.
- 17.11. Сақтандыру шартын жасай отырып, Сақтанушы дұрыс емес мәліметтер ұсынудың салдарлары, атап айтқанда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы ескертілгенін және соған келісетінін растайды.
- 17.12. Сақтандыру шартын жасай отырып, Сақтанушы Сақтандыру шарты мен Сақтандыру ережелерінің барлық талаптарымен танысқанын, Сақтандыру шарты мен Сақтандыру ережелерінің әрбір бетін оқығанын және соған келісетінін растайды.
- 17.13. Сақтандыру шартын жасай отырып, Сақтанушы өтініш-сауалнамада жауаптар болмаған кезде Сақтандырушы тиісті бос толтырылмаған жолдарды өз пайдасына түсіндіретінімен келісетінін және оны растайтынын мәлімдейді (мысалы, егер күзет туралы белгі болмаса – күзет бар деп презумпцияланады (ал егер күзет болмаған болса, Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп презумпцияланады), егер алдыңғы жылдар мен айлардағы залалдар туралы ұяшық бос болса, залалдар болмаған деп презумпцияланады, ал егер болған болса, Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер ұсынды деп және қолайсыз ақпаратты жасыру үшін әрекет етті деп презумпцияланады т.б.).



17.14. Сақтандыру ережелерімен реттелмеген барлық өзге мәселелер бойынша тараптар ҚР заңнамасын басшылыққа алуға міндеттенеді.

17.15. Сақтандыру шартына қол қоя отырып, Сақтанушы Сақтандырушыдан кез келген ақпаратты, оның ішінде сақтандыру қызметтері бойынша жарнамалық өнімді кез келген нысанда (жазбаша, электрондық, смс-хабарламалар және т.б.) алуға өзінің келісімін береді.

17.16. Сақтандыру шартына қол қоя отырып, Сақтанушы тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуге сақтандыру мүддесі бар екенін растайды.

17.17. Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы осы шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.

17.18. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) осы Шартты жасасуға келісімін алғанын растайды. Сақтанушы Пайда алушыны және (немесе) Сақтандырылған тұлғаны (тұлғаларды) олардың келісімінсіз өзгерте алады.

17.19. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша бөліп төлеу берілген және Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсетілген төлемдер кестесіне сәйкес кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді 5 (бес) күнтізбелік күннен астам мерзімге кешіктірген жағдайда, Сақтандырушы бүкіл кезең үшін сақтандыру сыйлықақысының сомасын толық көлемде сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

18. Дауларды шешу тәртібі

1. Сақтандыру шарты бойынша тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі.
2. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың қарауына беріледі.»



Көлік құралдарын ерікті сақтандыру ережелеріне
№1 қосымша

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІ / СТРАХОВОЙ ПОЛИС № _____

Осы сақтандыру полисі автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережелеріне қосылу шарты болып табылады. / Настоящий Страховой полис является договором присоединения к правилам добровольного страхования автомобильного транспорта.

САҚТАНДЫРУ КЛАСЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ			
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ			
САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: 8 (727) 258 43 36, 8-800-080-00-99; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ., «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA STN 600900079784. BSN 950540000024/ АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: 8 (727) 258 43 36, 8-800-080-00-99; факс: 8 (727) 258 43 38, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО «Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA PNH 600900079784, BIN 950540000024		
САҚТАНУШЫ / СТРАХОВАТЕЛЬ		Физическое лицо	
Атауы/аты-жөні / наименование/ФИО		ЖСН/БСН / ИИН/БИН	
Мекен-жайы / Адрес		Телефон:	
Банктік деректемелері / Банковские реквизиты			
Мемлекеттік тіркеу туралы, Толқұжат / жеке куәлік / (№, кіммен және қашан берілген) / номер свидетельства о государственной регистрации, Паспорт/удостоверение личности / (№, кем и когда выдан)			
ЭҚТ / ВЭД (вид экономической деятельности), ЭСК / КСЭ (код сектора экономики), РЕ / ПР (признак резидентства)			
САҚТАНДЫРЫЛУШЫ/ ЗАСТРАХОВАННЫЙ (если Страхователем является юридическое лицо, то Застрахованными являются лица на основании путевого листа)			
Атауы/ аты-жөні/ наименование/ ФИО; ЖСН/ БСН/ ИИН/ БИН; Мекен-жайы/ Адрес; Толқұжат/ жеке куәлік/ (№, кіммен және қашан берілген)/ Паспорт/ удостоверение личности / (№, кем и когда выдан); ЭҚТ / ВЭД (вид экономической деятельности), ЭСК/КСЭ (код сектора экономики), РЕ/ ПР (признак резидентства); телефон			
ПАЙДА АЛУШЫ/ ВЫГОДОПРИОБРЕТАТЕЛЬ			
Атауы/аты-жөні / наименование/ФИО		ЖСН/БСН / ИИН/БИН	
Мекен-жайы / Адрес			
Банктік деректемелері / Банковские реквизиты			
Мемлекеттік тіркеу туралы, Толқұжат / жеке куәлік / (№, кіммен және қашан берілген) / номер свидетельства о государственной регистрации, Паспорт / удостоверение личности / (№, кем и когда выдан)			
ЭҚТ / ВЭД (вид экономической деятельности), ЭСК / КСЭ (код сектора экономики), РЕ / ПР (признак резидентства)			
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ маркасы, үлгісі/марка, модель			
шығарылған жылы / год выпуска		қозғалтқыш нөмірі / номер двигателя	
тіркеу нөмірі / регистрационный номер		шанак/шасси нөмірі / номер кузова/шасси	
Сақтандыру объектісінің орналасқан орны / Местонахождения объекта страхования			
Нақты құны / Действительная стоимость ТС			
САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА			
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ			
ВАЛЮТА ТҮРІ, САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ/ ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ			
ФРАНШИЗА		ФРАНШИЗА	
САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ		СТРАХОВЫЕ СЛУЧАИ	
Сақтанушы таңдаған қосымша опциялар / Дополнительные опции, выбранные Страхователем			
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА			
САҚТАНДЫРУ ҚОРҒАУЫНЫҢ АУМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ СТРАХОВОЙ ЗАЩИТЫ			
ХАБАРЛАНДЫРУ МЕРЗІМІ / СРОКИ УВЕДОМЛЕНИЯ			
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ			
САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРІСТЕР / ИЗМЕНЕНИЯ ПОЛИСА			
КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДА САҚТАНДЫРЫЛМАЙДЫ. АЛ ШАРТ ЖАСАЛҒАН ЖАҒДАЙДА, САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ ТӨЛЕНБЕЙДІ: / СТРАХОВАНИЮ НЕ ПОДЛЕЖИТ, А В СЛУЧАЕ ЗАКЛЮЧЕНИЯ ДОГОВОРА СТРАХОВАЯ ВЫПЛАТА НЕ ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ ЕСЛИ:			
ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР /			

Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – иә/да,нет/жоқ.

Сақтандыру талаптарымен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтердің шынайылығын растаймын, полисті және ереженің көшірмесін алдым. С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі):

Страховщик (или его представитель):
«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.О./М.П.

Шарт жасалған күні / Дата заключения: «__» _____ 20__ ж./г.

Если подписант агент

Агент (ФИО/Наименование)

Адрес (если агент юридическое лицо)

ИИН/БИН

телефон

(аты-жөні/ Ф.И.О)

Полис распечатан из автоматизированной системы «_____»



ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық орнықтылығы туралы ақпаратты талап етуге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер ол Сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болып табылса, сақтандыру төлемін алуға;
- 3) Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;
- 4) сақтандыру жағдайы басталғанға дейін Сақтандырылушылардың тізіміне өзгерістер енгізуге.

Сақтандырушылардың тізіміне өзгерістер енгізу үшін Сақтанушы алдын-ала, өзгерістердің болжамды күнінен кем дегенде 3 (үш) күн бұрын Сақтандырушыға сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылатын жазбаша өтінішпен жүгінуі керек;

2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандырушы сақтанушыны тиісті тексеру жүргізу аясында сұратқан құжаттарды ұсыну;
- 2) сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауы және осы сақтандыру полисін жасау туралы шешім қабылдауы үшін елеулі мәнді өзіне белгілі бүкіл жәйттер туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 3) осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 4) Сақтандырылушыларға сақтандыру талаптарын жеткізуге;
- 5) сақтандыру ережесінің талаптарын орындауға (Сақтандырылушылардың сақтандыру ережесін бұзуы, Сақтанушының сақтандыру талаптарын бұзуы деп танылады);
- 6) осы сақтандыру полисін қолданылу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы ақпарат беруге;
- 7) сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының туындауына апарып соқтыратын оқиғаның басталғаны туралы сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімдерде және тәртіппен Сақтандырушыны хабарландыруға;
- 8) сақтандыру жағдайы шығындарын болдырмау немесе азайту шараларын қолдануға;
- 9) сақтандыру жағдайының себептерін, барысы және салдарларын, келтірілген зиянын сипатты және мөлшерін жайлы бағалауға мүмкіндік беретін өзінде бар бүкіл ақпаратты сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен Сақтандырушыға беруге;
- 10) Сақтандырушының сұратуы бойынша құжаттарды, сонымен қатар тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті өзге де ақпаратты беруге;
- 11) сақтандыру жағдайы ресімделген сәттен бастап 6 сағат ішінде жол полициясының қызметкерлері медициналық куәландырудан өтуі тиіс.

3. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтанушы берген ақпараттар мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) осы сақтандыру полисінің талаптарын сақтауын тексеруге;
- 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептерін және жәйттерін өздігінен анықтауға, сонымен бірге құзыретті органдарға сұраныс жіберуге;
- 3) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылушыдан сақтандыру жағдайын, оның туындау жағдайларын анықтауға қажет ақпаратты сақтандыру ережесінде белгіленген тәртіппен талап етуге;
- 4) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған, Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы сақтандыру полисінің талаптарын орындамаған жағдайда, бұл туралы Сақтанушының (Сақтандырылушының/Пайда алушының) жазбаша хабарландыра отырып сақтандыру төлемін бас тартуға;
- 5) кез келген уақытта тәуекелдің туындауына ықпал еткен жағдайлардың бар не жоғын тексеруге және бақылауға.
- 6) Сақтанушыдан тиісті тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды және өзге де ақпаратты сұратуға.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру ережесімен таныстыруға және көшірмесін беру;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жасауға;
- 3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 4) сақтандыру жағдайы туралы хабарлауымен тіркеуге;
- 5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті;
- 6) сақтандырылушы өтініші бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті жетіспейтін құжаттар туралы 10 (он) күннің ішінде хабарлауға міндетті;
- 7) мына жағдайларда сақтандыру төлемін бас тарту:
 - Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік несінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖҚТҚК тізбесі) болуы;
 - Сақтанушы/ сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция АЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.
8. Сақтанушы (Сақтандырылушы/Пайда алушы) сақтандыру жағдайы орын алған кезде, демалыс және мейрам күндерін есептегенде 3 (үш) күннен кешіктірмей, дереу Сақтандырушыны немесе оның өкілін сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабарландыруы және сақтандыру ережесінде көрсетілген басқа да әрекеттерді жасауы тиіс.
9. Сақтандыру жағдайының туындауын, сондай-ақ келтірген зиянын Сақтанушы дәлелдейді.
10. Сақтанушы осы сақтандыру полисін жасай отырып, тәуекелдерді болдырмауға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру қызғушылығының бар екенін растайды.
11. Осы талаптарда реттелмеген барлық басқа мәселелерде тараптар, «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның автомобиль көлігі ерікті сақтандыру ережесін басшылыққа алады.
12. Сақтанушы, Сақтандырылушы, Пайда алушы осы сақтандыру полисі бойынша құқықтар мен міндеттерді Сақтандырушының жазбаша келісімісіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.
13. Сақтанушы Сақтандырылушының (лардың) осы Шартты жасауға келісімін алғандығын растайды. Сақтанушы Пайда алушыны және (немесе) Сақтандырылушының (ларды) олардың келісімісіз өзгерте алады.
14. Сақтанушы Сақтандырушының факсимильді құралдарды (факсимилінен) және/немесе қолданбаны және/немесе мердік электрондық көшірмесін пайдалана отырып, осы сақтандыру полисін жасасу мүмкіндігімен келіседі және мұндай Сақтандыру полисін Тараптар түпнұсқа деп таниды.

ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

1. Страхователь вправе:

- 1) требовать от Страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) получить страховую выплату при наступлении страхового случая, если он является Выгодоприобретателем по Страховому полису;
- 3) получить дубликат Страхового полиса в случае его утраты;
- 4) до наступления страхового случая на внесение изменений в список Застрахованных. Для внесения изменений в список Застрахованных Страхователь должен заранее, не менее чем за 3 (три) дня до предполагаемой даты изменений, обратиться к Страховщику с письменным заявлением, которое становится неотъемлемой частью Страхового полиса;
- 5) досрочно расторгнуть Договор страхования в порядке, установленном настоящими Правилами.

2. Страхователь обязан:

- 1) предоставить все документы, запрашиваемые Страховщиком, в рамках проведения последним надлежащей проверки Страхователя;
- 2) при заключении страхового Полиса сообщить Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия Страховщиком решения о заключении настоящего страхового Полиса;
- 3) уплатить страховую премию в размере, порядке и сроки, установленные настоящим страховым Полисом;
- 4) довести до сведения Застрахованных условия страхования;
- 5) выполнять условия Правил страхования (нарушение Правил страхования Застрахованными расценивается как нарушение условий страхования самим Страхователем);
- 6) в период действия настоящего страхового Полиса информировать Страховщика о состоянии страхового риска;
- 7) уведомлять Страховщика о наступлении события, имеющего признаки страхового случая и/или последствием которого может быть наступление страхового случая, в сроки и порядке, установленные Правилами страхования;
- 8) предпринимать меры по предотвращению или уменьшению убытков от страхового случая;
- 9) предоставлять Страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую судить о причинах, ходе и последствиях страхового случая, характере и размерах причиненного убытка в порядке установленными Правилами страхования;
- 10) предоставить по запросу страховщика документы, а так же дополнительную информацию, необходимую для проведения надлежащей проверки;
- 11) в течение 6 часов с момента оформления страхового случая сотрудниками дорожной полиции пройти медицинское освидетельствование.

3. Страховщик вправе:

- 1) проверять предоставленную Страхователем информацию и документы, а также соблюдение Страхователем (Застрахованным) требований и условий настоящего страхового Полиса;
- 2) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;
- 3) требовать от Страхователя или Застрахованного информацию и документы, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения в порядке установленными Правилами страхования;
- 4) отказать в страховой выплате в случае непризнания события страховым случаем, невыполнения Страхователем (Застрахованным) условий настоящего страхового Полиса, письменно уведомив об этом Страхователя (Застрахованного/ Выгодоприобретателя);
- 5) в любое время проинспектировать и проверить наличие обстоятельств, способствующих возникновению риска;
- 6) запрашивать у Страхователя документы и иную информацию, необходимые для надлежащей проверки.

4. Страховщик обязан:

- 1) ознакомить Страхователя с Правилами страхования и представить их копию;
- 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные настоящим страховым Полисом;
- 3) возместить Страхователю (Застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;
- 4) зарегистрировать сообщение о страховом случае;
- 5) обеспечить тайну страхования.
- 6) Страховщик обязан уведомить заявителя в течение 10 (десяти) рабочих дней с момента представления последнего документа о недостающих документах, необходимых для осуществления страховой выплаты;
- 7) отказать в страховой выплате в случаях:
 - нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ПРОМУ);
 - не предоставления Страхователем/ Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;
 - когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.
8. При наступлении страхового случая Страхователь (Застрахованный / Выгодоприобретатель) незамедлительно, но не позднее 3 (Трех) дней, не считая выходных и праздничных дней, уведомить о его наступлении Страховщика или его представителя и совершить иные действия, указанные в Правилах страхования.
9. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе.
10. Страхователь, заключая настоящий Договор страхования, подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.
11. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами добровольного страхования автомобильного транспорта АО «Страховая компания «Евразия».
12. Страхователь, Застрахованный, Выгодоприобретатель не могут передавать права и обязанности по данному Страховому полису третьим лицам без письменного согласия Страховщика.
13. Страхователь подтверждает, что получил согласие Застрахованного(ых) на заключение данного страхового полиса Страхователь может менять Выгодоприобретателя и (или) Застрахованного(ых) без их согласия.
14. Страхователь соглашается с возможностью заключения настоящего Страхового полиса с использованием Страховщиком факсимильных средств (факсимиле) и/или электронного копирования подписи и/или печати и такой Договор страхования признается Сторонами оригиналом.